

БД010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Ардабаева Алмагуль Кайрбаевнаның «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Оқушылардың логикалық және кеңістіктік ойлауын дамытуда геометрияны оқу пәні ретінде оқытудың маңыздылығы жоғары, өйткені бұл жеке тұлғаның ақыл-ой, мәдени, адамгершілік және т.б. сияқты қасиеттерін қалыптастырады.

Жаңартылған білім мазмұнына сай геометрияны оқытудың әдістемесін жетілдіруде теориялық материалды логикалық қатаң түрде беріп қана қоймай, геометрияның көрнекілік интуитивті негіздері мен практикалық бағыттылығын дамытуға, қоршаған әлеммен байланысы бар ұғымдарды, тұжырымдар мен есептерді кіріктіре отырып, оқу материалын қабылдауға мүмкіндіктер жасау маңызды болып табылады.

Геометрияда оқытуда оқушылардың белсенділігін арттырып, дүниетанымы мен шығармашылық қабілеттерін дарытудың ең маңызды құралы – есептерді шығару. Геометрияны оқытудың дәстүрлі әдістемесінде оқушылардың пәннің мазмұнын меңгеруіне көп көңіл бөліп, есептерді шығару тақырыпты бекітуде ғана қолданылады. Ал бұл оқушылардың одан әрі ойлауын дамытуға жеткіліксіз. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, мектепте геометрия сабақтарында шешілген есептердің көптігіне қарамастан, оқушылардың өздігінен есептерді шығаруда қиындықтарға тап болады.

Сондықтан, жаңартылған білім мазмұны бойынша геометрияны оқытудың әдістемесін, оқу процесін ұйымдастыру тәсілдері мен құралдарын, оқушыларға геометриялық ұғымдарды меңгерту, есептерді әртүрлі әдістермен шығару мен теоремаларды дәлелдеу біліктерін қалыптастыру әдістемесін әзірлеудің қажеттігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осы орайда, қорғауға ұсынылып отырған «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың әдістемелік

ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс геометрияны оқытудың теориясы мен әдістемесі саласын дамыту барысында өте қажетті ғылыми-әдістемелік еңбектердің бірі болып табылады.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының құндылығы бүгінгі таңда орта мектеп білімінің жаңарған мазмұны негізінде ізденуші Ардабаева Алмагулдің бірлескен авторлықпен «Орта мектептің 9 сыныбына арналған «Есептер жинағы» оқу құралымен тікелей байланыста болып отыр. Бұл «Есептер жинағы» қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде «Мектеп» баспасынан шығып, 2019 жылдан бастап 9 сынып оқушыларының оқу үрдісінде.

Сонымен қатар, ізденушінің диссертациялық жұмысының мақсаты, қойылған міндеттерінің әр кезеңі, ғылыми жаңалығы, теориялық және әдістемелік негіздері, қорғауға ұсынылған қағидалары және т.б. практикалық құндылықтары толықтай оқу эксперименті барысында және орта мектеп мұғалімі ретінде атқарған қызметінің негізінде дәлелденген.

Диссертациялық жұмыста бүгінгі күн талаптарына сай геометрияны оқытуда сабақтастық пен пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың әдістемесі жасалып, оқушыларды геометриялық есептерді шығаруға үйретудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері анықталып, мүмкіндігінше автордың көп жылдары мектеп математика мұғалімі ретінде жетілдірілілген тәжірибе нәтижелері баяндалған.

Диссертациялық жұмыста орта мектеп геометрияны оқытуды заманауи талабына сай әрдайым жетілдіруді ұйымдастыру формасы, оқу процессінің даму тенденцияларының бағытына бейімдей отыра, зерттеу проблемасын оқытудың үш біртұтас - білім беру, тәрбиелік, дамытушылық - функцияларын үйлесімді негізге ала отырып жүзеге асыру қажеттігіне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қоса, геометрия сабағы барысында мұғалімнің оқушыларды есеп шығаруға үйретіп қана қоймай, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі стандартты емес геометриялық есептерді шығара білумен қатар, оны әртүрлі, бірнеше тәсілмен шеше білуі және оқушыларды есеп

шығару барысында практикалық, ұжымдық және жеке дара жұмыс жасай алуға ұйымдастыра білу қажеттігі туралы ұсыныстар берілген.

Жалпы А.К.Ардабаеваның диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми дәрежеде орындалған. Зерттеу жұмысында орта мектепте геометрияны оқыту процесін ұйымдастыру тәсілдері, компьютерлік программаларды қолдану мүмкіндіктері көрсетілген, оқушыларға геометриялық есептерді әртүрлі әдістермен шығаруды үйрету әдістемесі жасалған. Алынған нәтижелер жалпы білім беретін мектептерде оқу процесіне енгізіліп, толығымен эксперимент арқылы дәлелденген және мазмұны жаңартылған орта білім жүйесінде орын алған.

Ардабаева Алмагуль Кайрбаевнаның «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ал, автор 6D010900 - «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:
ҚР ҰҒА академигі,
Абай атындағы ҚазҰПУ
математика, физика және информатиканы
оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор



А.Е. Әбілқасымова

РАСТАИМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» ҚЕАҚ КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ:	РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ	_____
ПОДПИСЬ	_____